



Бекбердиева К.Т.

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДА
ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН
ЕНГІЗУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ТАЛАПТАРЫ**

*В статье рассматриваются
некоторые вопросы внедрения
новых педагогических технологий
в систему образования в РК.*

*Some problems of inculcation of new
pedagogical technologies in the system of
education of RK are considered in given
article.*

Қазақстан Республикасында соңғы 10-15 жылдар арасында білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім мен мәдениет беру болып табылады [1].

Елімізде осы өзекті, әрі ғаламдық мін-детті шешу үшін бірнеше нормативті құжаттар қабылданады. «Қазақстан Республикасының білім туралы заңы», «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2015 жылға дейінгі тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Қазақстан Республикасында үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы» т.б. нормативті құжаттар негізінде білім берудің жаңа сапалық деңгейіне көтерілу тек білім мазмұнын анықтаумен ғана емес, білімнің сапалығын бағалау жүйесін де өзгеріс енгізу қажеттігін көрсетеді. Дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, ұлттық мемлекеттің гүлденуі негізгі шешуші үш фактордан тұрады. Олар:

1. Жаңа ғылыми жаңалықтарды игеруі.
2. Білімнің деңгейін көтеруі.
3. Мамандардың кәсіби білімі мен білігі.

Қай республика болсын әлемдік үрдістерден тыс қала алмайды, жалпы ғаламдық даму заңдылықтарына бағынуға мәжбүр болады, себебі, ешбір мемлекеттің жабық күйде өмір сүруі мүмкін емес. Өркениет дамуынан кенже қалмау үшін жаңа өзгерістер қажет-ақ.

Осыған орай, қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының да білім беру жүйесі «үлкен өзгерістер» үстінде тұр. Қазақстанның 1997 жылы Лиссабонда Еуропа қауымдастығы мен ЮНЕСКО жоғары білім туралы конвенциясына қосылуы бүкілдүниежүзілік білім кеңістігіне кіруін қамтамасыз етумен қатар оған жоғары талаптар да қойды. Берілген мәліметтерге сәйкес, Қазақстан жоғары мектебінің алдында осы мәселелерді шешу жолдарын қарастыру, оның теориялық-әдіснамалық негіздерін жасау, практикалық жолдарын көрсету сияқты жұмыстар қарқынды жүргізілуде.

1999 жылғы Болон декларациясынан бастап бүкіл Еуропа елдерінде оқу, білім беру үрдісін нарық қатынастарына бейімдей отырып бір жүйеге келтіруге бет бұрды. Қазақстан Республикасының бұл декларация принциптерін қабылдауына байланысты елдегі білім беру



үрдісі осы жүйеге қарай бейімделуде. Осыған байланысты, мемлекеттік деңгейде көптеген құжаттар қабылданды. Оған білім берудің көп сатылы концепциясын, Қазақстан Республикасында білім берудің 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, оқыту үрдісіне кредиттік жүйені, жалпы орта білім беру жүйесіне 12 жылдық білім беру жүйесін, жалпы білім беру стандартына сәйкес ұлттық бірыңғай тест қабылдауды жатқызуға болады. Ал, жоғары мектептерде жоғары кәсіби білім беру саласында үш сатылы үлгіні (бакалавриат – магистратура – докторантура) кредиттік жүйеге негіздеп оқытуға және барлық білім сапасын ИСО – 9001:2000 талаптарына сәйкестендіру жұмыстарын, т.б. атауға болады.

Қысқасы, оқушы білімін бағалауда талаптар күшеюде. Міне, осы жерде бұрынғы жұмыс істеу тәсіліне, бағдарламаларға үйреніп қалған оқытушылар «бұл өзгерістерге даяр ма?», «келешекте оқытушы өзіне қандай талаптар қоюы керек?» деген сұрақтар туындайды. Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясын пайдалану, кредиттік жүйеге көшу, 12 жылдық оқыту жүйесіне көшуге дайындық, халықаралық ИСО-9001:2000 стандарттарына сәйкес білім мазмұнын анықтау, TIMS, PISA бағдарламалар бойынша білім сапасын бағалаудың жаңа жүйелерін қолдану мүмкіндіктерін зерттеу т.б. мәселелер қолға алынуда. Бұл мәселе бойынша Қазақстанда көптеген педагог ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізіп, олардың нәтижелерін оқу тәрбие процесінде енгізуде [2]. Атап айтқанда Ж.Қараев, М.Жанпейісова, Қ.Жанпейісова, М.Жадрина, Ж.Қобдикова, т.б. ғалымдар білім сапасын бағалаудың көп деңгейлі түрлерімен қоса білім беру мазмұнын дифференсациялау арқылы комплексті сатылап бағалау жүйесін енгізу қажеттігін қолдайды. Қазақ білім академиясының педагог ғалымдары білім сапасын бағалаудың соңғы нәтижеге бағдарлануын сапалы бағалауға жатады деп есептеледі (М.Жадрина, Н.Оразақынова, т.б.).

Елімізде білім беру сапасын бағалауда көптеген қиыншылықтар мен кемшіліктер жиі кездесетіні Н.Хмель, А.Сейтешов, Г.Уманов, Т.Сабыров, т.б. еңбектерінде айтылған. Онда білім сапасын бағалаудың көп деңгейлі жүйесіне көшу, оның дидактикалық шарттарының анықтау арқылы көрсетілген. Осындай көзқараста Республикалық жетілдіру білім институтының ғалымдары (Ж.Кобдикова, Г.Жайтапова, т.б.) білім сапасын бағалаудың әдістемелік жүйесін жетілдіру қажеттігін, ол үшін жаңа педагогикалық негізінде оқу тәрбие процесін технологияландыру қажеттігін күн тәртібіне қояды [3].

Мәселен, бұрынғы оқулықтар мен бағдарламаларда ұлттардың өзіне тән ерекшеліктері ескерілмей, оқыту мен тәрбие үрдісі орталықтан басқарылды. Соның нәтижесінде ұлттық сана мен мәдени құндылықтарға нұқсан келтірілді, өз ана тілін ұмытқан ұрпақ пайда болды. Бүгінде оның орнын толтыру оңай шаруа емес. Сондықтан да жаңа заман ұстазы халық педагогикасының озық тәжірибелерін оқып үйреніп, осы заман талаптарына жауап бере алатын ғылыми педагогикалық негіздерді жете меңгеруі тиіс. Қазір Қазақстан Республикасында әлемдік білім беру кеңістігіне ену мақсатында білім реформалары жүзеге асырылуда, жаңа білімдік стандарттар қабылдануда. Аталған шаралар жаңа формация педагогына қойылатын философиялық парадигмалар негізінде құрылуда. Сондықтан білім беру сапасын арттыру мен оның нәтижелілігін бағалаудың жаңа өлшемдік жүйелерін анықтау қажет болып отыр. Елімізде білім сапасын бағалаудың ИСО – 9001: 2000 стандартына сәйкес TIMS, PISA тағы басқа бағалау жүйелерін енгізу мүмкіндіктері қарастырылуда. Сонымен бірге, Қазақ Білім Академиясының ғалымдары көп деңгейлі оқыту мен көп деңгейлі бағалау жүйесінің тиімділігін көрсету арқылы білім сапасын бағалаудың жаңа үлгілерін сынақтардан өткізуде. Альтернативті вариант ретінде М.Жадрина, Ж.Қараев, Ж.Кобдикова, А.Жайтапова, т.б. ғалымдар оқыту үрдісін әдістемелік жағынан қамтамасыз етуді жетілдірудің басты шарты білім беруді көп деңгейлі бағалау қажеттілігіне тәуелді болады деп, оқыту үрдісін басқарудың және оның нәтижесін сапалы етудің жаңа өлшемдік жүйесін ұсынады [4].

Оқыту жүйесіндегі оқыту мақсаттарын нақты тұжырымдау және олардың тиянақсыз, екі ұшты қарама-қарсы жақтарын дәстүрлі педагогикада жолға қою, тағы басқа да оқыту технологиясындағы қиыншылықтар әлем педагогтарының назарын өзіне аударды. Педагогикалық технологияның жалпы мақсаты – оқытудың дидактикалық проблемаларын оқыту жүйесінде тура мақсаттармен бағытталған қалыпта шешу болып табылады. Оқыту жүйесінде берілген мақсаттардың мазмұны анықтамалар мен тура баяндалған дәйектемелерге сай болуы керек. Демек, оқыту мақсаттарының белгілі бір қорытындыға жетуі үшін сол мақсаттардың іс жүзінде жүзеге асырылуын барынша толық дәлелдеу қажет. Бұл – оқыту материалдарының дайындығы мен оқытудың барлық бағыттарының оқыту мақсаттарымен сәйкес ұйымдастырылуын талап етеді.



Әрбір мұғалім өзінің алдына мынадай жұмыс түрлерін мақсат етіп қояды: оқушылардың тақырыпты нақты түсініп, меңгеруін; белгілі бір сала бойынша білім алып, оны өндірісте, қоғамда, күнделікті өмірде қолдануды үйренуін (бұл - Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңымен» сәйкес шәкірт міндеті) көздейді.

Алайда мұғалім осыған жететін қолайлы тәсілі бар екенін анықтаған жағдайда ғана өзінің көздеген мақсатына жеттім деп жорамал жасай алады.

Оқыту жүйесінің технологизациясы мақсаттарды талдап тексеріп, нақтылауды талап етеді: ортаның жалпы талаптарынан білім беру жүйесінің тапсырмаларын, олардан оқу орындарының тапсырмаларын, одан әрі оқыту жоспарларының жалпы мақсаттары мен белгілі бір сала бойынша білім беретін курстарды тексеруді міндеттейді.

Оқытуға қойылған осындай мақсаттарды В.П.Беспалько басқаларға қарағанда толығырақ диагностикалық мінездеме береді. Алайда, ол қазіргі кездегі орта және жоғары мектептердің өркендеуінде аталған міндеттер не педагогикалық жүйеге сәйкес жалпы мақсаттарды, не бөлек сабақтарды оқытудағы жеке мақсаттарды қанағаттандыра алмай отырғандығын айтады [5].

Ғалымдар оқыту мақсаттарын жолға қоюдың бірнеше тәсілдерін анықтады. Көптеген іс-тәжірибелерде мұғалімдер оқытудың мақсатын оның мазмұны арқылы анықтайды. Мысалы, «Пифагор теоремасын оқыту». Бірақ бұлай қойылған мақсат инструментальді болып есептелмейді, бұл арқылы олардың мақсатқа жеткен немесе жетпегендіктері туралы айту мүмкін емес. Оқытудың мақсаттарын анықтаудағы көп тараған тәсілдердің бірі – оларды оқытушылардың іс-әрекеті арқылы анықтау. Мысалы, «Білім алушыларды дербес компьютермен жұмыс істеу принциптерімен таныстыру». Бұл тәсіл мұғалімнің ғана іс-әрекетін анықтауға жол ашады, олай болса бұл тәсіл де инструментальді емес.

Сонымен қатар оқытудың мақсаттарын ішкі интеллектуалды жүйе арқылы жолға қою тәсілі де бар. Ол оқушының жеке және эмоциональді жетілуін қамтамасыз етеді. Мысалы, «Ауызша есептеу шеберлігін жетілдіру», «Бақыланған оқиғаны талдау шеберлігін қалыптастыру», «Тапсырмаларды шешу барысында оқушылардың танымдық дербестігін дамыту» т.с.с. Мұндай тәсілдер арқылы оқытудың мақсаттарын жолға қоюда мақсаттардың жетістіктері талқыланатын нысананы көздеу мүмкін емес. Осы орайда, тәжірибе оқытудың мақсаттары туралы тұжырымдамалар біршама диагностикалық күйге ауысу үшін соларға сәйкес анықтамалар қажет екендігін көрсетеді.

Сонымен бірге, тәжірибеде оқытудың мақсаттарын жолға қою жолдарын оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы анықтау кеңінен жайылған. Мысалы, «Сабақтың мақсаты – теңдеу жүйесін Гаустын әдісімен шешу» немесе «Атом құрылымын зерттеу» т.с.с. Мақсаттардың жолға осылай қойылуы сабақты өзкізудің сәтті жоспарлануына себін тигізеді. Әйткенмен, бұл жерде де оқытудың қорытынды нәтижесі көрінбейді, оқушының алға қарай даму жолы одан әрі өрбімейді.

Ал, педагогикалық технологияда оқыту мақсаттарын жолға қою оқыту нәтижесі арқылы қалыптасады деп сипатталады. Бұл мақсаттарды оқушылардың іс-әрекеттерінде көрсетілгендей, оларды танып, өлшеуге болады.

Мақсаттарды жолға қою қиыншылықтары оқытудың нәтижесін іс-әрекетке ауыстырумен өз шешімін табады. Мұндай қиындықтар екі түрлі жолмен іске асырылады:

1. Анық, жүйелі мақсат құрумен, онда оның категориялары мен жүйелі түрде көрсетілген деңгейлері (иерархия) аталып көрсетілуі тиіс. Бұл жүйе педагогикада «таксономия» деп аталып жүр.
2. Оқытудың мақсатын суреттейтін анық тілді жасаумен.

«Таксономия» сөзі объектілердің классификациясы мен түрлері деген мағынаны береді. Таксономия қиындықтарына қарай өсу категориясын сипаттайды және олардың өзара қарым-қатынасын анықтайды.

Оқыту мақсаттарының таксономиялары арасында Б.Блумның оқыту мақсаттары таксономиясы үлкен орын алады. Ол құрылымның ережелері мен жалпы әдіс-тәсілдерін және педагогикалық мақсаттардағы танымдық (когнитивті) аймақтарды қалпына келтіруге ықпал жасады. Бұл жүйені оқытушылардың көпшілігі оқыту жоспарын және оның нәтижесін бағалауда қолданды. Мұнымен қатар, бұл жүйе жаңа курстарды тексеруде жаңаша құрал ретінде де пайдаланылады.

Когнитивті аймаққа оқып-үйреткен материалдарды белгілі бір мәселені шешкенге дейінгі есте сақтау мен еске түсіру мақсаты кіреді. Есте сақтау мен еске түсіру барысында оқушы оқып-білген нәрселерін қайта ойлау, оларды басқа да жаңа идеялармен, әдістермен, іс-әрекетті орындау тәсілдерімен байланыстыруы қажет. Тіпті осы жолда ол жаңа шығарма туындата алады.



Сонымен қатар, мақсат бағытталған жерге психомоторлы аймақ та байланысты болады. Психомоторлы аймақ двигательді (моторлы) құрылыммен, айлалы іс-әрекетпен және нервті бұлшық ет үйлесімімен тікелей байланысты. Бұл аймаққа жалпы оқыту мақсаттары жиынтығының кішірек бір бөлігі кіреді: хат жазу дағдысы, ауызекі сөйлесу дағдысы және еңбекті оқыту мен дене тәрбиесі шеңберіндегі мақсаттар жатады. Осындай технологиялық өндеулер негізінен когнитивті түрде оқыту мақсаттары үшін жүргізіледі.

Қорыта келе айтарымыз, біздің зерттеуіміздің өзі жалпы білім беру жүйесінде жүріп жатқан күрделі де қиын өзгерістердің үйлесімділігін табуға арналған. Осының бәрі білім сапасының жоғары жетістіктерге жетуіне бағыттайтын жалпы білім беру жүйесіндегі оқу үрдісін басқарудың теориясы мен практикасын, оны бағалау сапасының негіздерін зерттеуден нақты бір қарама-қайшылықтардың туып отырғандығын анықтап отыр. Аталған қарама-қайшылық еліміздегі білім берудің әдістемелік жүйесін жаңа өлшемдер арқылы шешудің көкейкесті мәселе екендігін көрсетіп отыр.

Әдебиеттер:

1. Глобализация образовательного рынка: реформа университетов Центральной Азии: Четвертая ежегодная международная конференция Образовательной сети. 5-6 апреля 2004г., - Алматы, Казахстан.
2. Давыдов В.В. О понятии развивающего обучения // Педагогика. 1995, №1.
3. Джакупов С. М. Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения: учебное пособие. – Алматы, 2002.
4. Досқалиев Қ.С. Білімді есепке алу және бағалау. // Қазақстан мектебі, 2005, №8.
5. Беспалько В. П. Слагаемые педагогической технологии. - М.: Педагогика. 1989.